# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)
Топ/сынып «Көгершін» Аралас тобы
Балалардың жасы 4-5,5-6 жас
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)
Тәрбиеші:Сариязова.З.Х
Тунгатарова.Р.Б..

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 4.11.23. | Сейсенбі 5.11.23. | Сәрсенбі 6.11.23. | Бейсенбі 7.11.23. | Жұма 8.11.23. |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Гимн айту. **(Біртұтас тәрбие)** | Балалық шақ күйінің сүйемелдеуімен түрлі түсті асықтармен қарсы алу. **Ұлттық құндылық** | Құлаққа ешқандай затты тықпа, құлағың зақымданып естімей қалуың мүмкін **Қауіпсіздік ережесі** | Сюжетті ойын:«Шаштараз» Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу. **Өнегелі 15 минут** | Балбыраумым күйінің сүйемелдеуімен түрлі түсті асықтармен қарсы алу. **Ұлттық құндылық** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар** | **Қорш ортамен танысу "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Міндеті:** | **Қазақ тілі «Менің отбасым» Міндеті**:Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" Міндеті:** Балаларды жеке киім | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. | **математика негіздері"** «Сипаттап табу» дидактикалық ойыны Балалар топтағы кез келген затты, оның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, балаларға өсімдіктің шаңын кетіру әдісін таңдауға үйрету. | қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.**(ересек)** Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу | шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: , сөрелерді және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету. | Қолды мұқият жуыңыз, кезекшінің киімін киіңіз, үстелді дұрыс қойыңыз. Еңбек дағдыларын дамыту,ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. | қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атайды |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау)<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br>1- оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу;<br>3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br>1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу;<br>3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1- екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br>1 - аяқты айқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>**Көркем сөз**<br>Су деген — өмір көзі,<br>Тіршіліктің нәрі бұл.<br>Су болмаса оянбайды,<br>Табиғаттың барлығы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Таңдап алда,атын айт».**<br>**Ойын шарты**:<br>Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып,атын айтады және оның жүрісін салып береді.<br>**(қор орта)** | **«Амандасу»**<br>**Міндеті:**Педагог балаларға өлең жолдарын оқып береді.<br>*Көшелерден біз өткен Ата көрсем, жақын кеп, Сәлем берем ізетпен, «Амансыз ба, ата!» – деп.*<br>*Алдан әже жолықса, Бөгелем де әдейілеп, Сәлемдесем сол тұста: «Есенсіз бе, әже!» – деп.*<br>**Өнегелі 15 минут**<br>**(көркем әд)** | **Д/о «Сипаттан табу»**<br>**Міндеті:**Балалар топтағы кез келген заттың түсін сипаттайды.<br>**(мат нег)** | **Д/о.«Сынарын тап».**<br>**Ойынның шарты:**<br>Геометриялық пішіндерді алып, қақ ортасынан кесу.Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау қажет және геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс.<br>**(мат)** | **Дидактикалық ойын.**<br>**"Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап".**<br>**Міндеттері.**<br>Мамандық түрлерінің атауын еске сақтауға, қиялын, ынтасын дамыту.<br>**(қорш орта)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы**<br>**Міндеттері**<br>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**: «Түлкі мен қоян» .<br>**Міндеттері:** Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге | **Математика негіздері**<br>**Міндеттері:**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (куб, шар, цилиндр) танып, | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:**<br>Мамандықтың бәрі жақсы.<br>**Міндеті:** Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: Шама.**<br>**Міндеті:** Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. **(ересек)**<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>**(даярлық тобы)**<br>**«Бірінші дыбысты ата»**<br>**Мақсаты**: Сөздегі бірінші дауысты немесе дауыссыз дыбысты белгілеп үйрету, фонематикалық естуді дамыту.<br>**Ойынның шарты**: Тәрбиеші сөздерді айтады бірінші дыбысты дауыспен белгілеп айтады. Дауысты болса: созып, дауыссыз болса: нақты, күшпен айтылады. «Соңғы дыбысты тап» деген ойын дәл осылыай ойналады тек қана соңғы дыбысты белгілеп табады. | жанашырлық таныту. **(ересек)**<br>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.**(даярлық)**<br>Балалар, сендер ертегіні ұнатасыңдар ма?<br>- Қандай ертегілер білесіңдер?<br>Жарайсыңдар, балалар сендер көптеген ертегілер біледі екенсіңдер.<br>Ал енді мен сендерге жұмбақ жасырайын, мұқият тыңдап шешуін табуға тырысыңдар.<br>1. Өзі айлакер, өзі бір қу<br>Жүрген жері айқай да шу.<br>2. Көзі тостақ өзі қорқақ.<br>Балалар енді барлық | атай білуге үйрету **(ересек)**<br>Геометриялық фигуралар мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>**Тақырыбы: Топпен жұмыс**:Санамақ арқылы балалар 4 топқа бөлінеді.<br>Педагог балаларға белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығын(әртүрлі өлшем мен пішіндегі кесілген дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштар) таратады. Әрбір топқа бір пішіндегі фигуралар беріледі.<br>Балалар пішіндер қандай да бір белгі – үлкен – кіші, сондай-ақ түс бойынша бөлуі және бөлудің өз нұсқаларын ұсынуы тиіс. Дөңгелектер, шаршылар, | таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. **(ересек)**<br>Мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға)<br>**(даярлық тобы)**<br>**Ғажайып сәт.**<br>Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.–<br>Сәлеметсіздер ме?!<br>Сіздер үй жануарларын жайлауда бағатын мамандық иелерінің қалай аталатынын білесіңдер ма?<br>Педагог:Әрине білеміз.Қой бағатын адамды қойшы,сиыр бағатын адамды сиыршы,жылқы бағатын адамды жылқышы деп атайды. | салыстыру. **(ересек)**<br>Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. **(даярлық)**<br>**Тақырыбы:**<br>**Мақсаты:** Шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдану.<br>**Не ұзынырақ, қысқа, жуанырақ, жіңішкерек?»**<br>Мақсаты: заттардың көлемін салыстыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: Әртүрлі пішінді, көлемді, түсті заттар.<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар заттарды кему ретімен орналастырады. Түстері бірдей, көлемдері, ұзындықтары әртүрлі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(ересек тобы)**<br>**«Дыбысты ата» Мақсаты:** Сөздегі бірінші,ортадағы және соңғы дыбысты белгілеп үйрету.<br>**Құралдар:** Барлығында бір дыбыс бар заттық суреттер<br>**Ойын шарты:**<br>Тәрбиеші суреттерді атап көрсетеді. Балалар тыңдап барлық сөздердегі дыбысты атайды. Және осы дыбысқа өзінің мысалдарын келтіреді. **(даярлық тобы)**<br>**Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: Дыбыстар әлемі.**<br>**Міндеттері:**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру. Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | назарларыңды маған аударыңдар.<br>- Ненің суретін көріп тұрсыңдар? Дұрыс түлкі және қоянның.<br>- Бір сөзбен бұл жануарларды қалай атауға болады? Маған осы жануарларды кім сипаттап бере алады?<br>- Дұрыс айтасыңдар түлкі айлакер аң ал қоян қорқақ аң.<br>Қазір осы қоян мен түлкі туралы орыс халқының «Түлкі мен қоян» ертегісімен танысамыз.<br>- Ертегі сендерге ұнады ма?<br>- Ертегіде нелер туралы айтылған?<br>- Ертеде түлкінің құйрығы қандай болған екен?<br>- Түлкі қасқырмен тату тұрмаған соң не істеген?<br>- Бір күні не болыпты?<br>- Түлкі қалай құтылып кетіпті?<br>- Әлден соң ағаш | тіктөртбұрыштар, үшбұрыштарды топтап бөледі. Әр топта әртүрлі нұсқалар болуы мүмкін. Біреулер түстер бойынша орналастыруы мүмкін (мұндай 3 топ болады). Басқалары өлшемі бойынша бөледі (мұндай 2 топ болады). Одан кейін педагогтен балалар жұмыс істеген заттардың қалай аталатынын сұрайды. Педагог пішіндерді кезек-кезек атайды. Мысалы, шаршылар. Шаршысы бар балалар тұрып, басқа балаларға көрсетеді.<br>**(ересек тобы)**<br>**«Қай бағытқа жүрсең, сонда іздегеніңді табасың»**<br>**Ойын шарты:**<br>педагог балалар білетін ойыншықтарды әр жерге тығып тастайды. Тәрбиеші айтады: | Ой жақсы болды ғой,енді біліп жүреміз.<br>Біз қалада тұратын болғандықтан білмейміз.<br>Педагог: Үй жануарларынын қыста тоңбау үшін қорада,жазда қыстауда ұстайды.<br>-Астау деген не?<br>Пед: Астауға шөп салады.<br>**«Үй жануарлары»**<br>**Мақсаты:**<br>балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**Көрнекілік:** үй жануарларының, төлдердің суреттері.<br>**Ойын шарты:**<br>Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. | заттарды топтастырады.<br>**(ересек тобы)**<br>**«Ұзын-қысқа»**<br>Мақсаты: заттарды салыстыру, қысқасын табу, ұзынын атау.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақтар<br>Ойын барысы:<br>Балаларға ұзын және қысқа жолақтар беріледі. Балалар жолақтарды салыстырады. Үстіне қою әдісін қолданады. Ұзын жолақты атайды. Үстедің үстіне жолақтардың ішінен ұқсас жолақтарды табу,артығын алып тастау.<br>**(даярлық тобы)**<br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Үйшік (орыс халық ертегісі)<br>**Міндеті:**<br>Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Бірінші дыбысты ата»**<br>**Міндеті:** Сөздегі бірінші дауысты немесе дауыссыз дыбысты белгілеп үйрету, фонематикалық естуді дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тәрбиеші сөздерді айтады бірінші дыбысты дауыспен белгілеп айтады. Дауысты болса: созып, дауыссыз болса: нақты, күшпен айтылады.<br>**«Соңғы дыбысты тап»** деген ойын дәл осылай ойналады тек қана соңғы дыбысты белгілеп табады. Сұрақтарға дұрыс әрі жылдам жауап берген балаларға фишка беріледі.**(даярлық тобы)**<br>Үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер.**(ересек** | арасына кірген түлкі нені көреді?<br>- Сол жерде қоян өзін ұстап алған түлкіге не депті?<br>- Иә, балалар содан бері түлкінің құйрығы ұзын болып қалыпты.<br>**(ересек,даярлық тобы)**<br>**Сауат ашу негіздері Дыбыстар әлемі**<br>**Міндеттері:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру. Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру.<br>**«Ненің дыбысы?»** ойын-жаттығуы<br>**Міндеті:**Педагог балаларға көздерін | Егер… Оңға бұрылсаң – қуыршақты табасың; солға бұрылып, барсаң – қоян ойыншығын табасың; алға жүрсең – тышқан ойыншығын табасың. Қай бағытқа бұрылғың келеді? Қайда барасың? Бала өз қалауынша бағытын таңдайды және нені іздейтінін айтады. Ойыншықты тапқан соң, қай бағытқа барғанын және қай жерден тапқанын әңгімелейді. .<br>**(даярлық тобы)**<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті**<br>**Сауат ашу негіздері Дыбыстар әлемі**<br>**Міндеттері:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. | Олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын,қалай күтуге болатынын айтқызады. Сонымен бірге олардың дене мүшелерін де ататып,үй жануарлары туралы балалардың білетін жұмбақтарын шешкізеді. Неге үй жануаллары?- деп аталатының айтқызады.<br>Қой атасын не дейміз?...<br>Түйе атасын не дейміз?<br>Сиыр атасын не дейміз?<br>Жылқы атасын не дейміз?<br>Үй жануарларының адамдарға қандай пайдасы бар?<br>-Дұрыс,айтасыңдар! Сүті,майы,жүні.еті адамдарға пайдалы екен. | мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады.<br>**(ересек тобы)**<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>**(даярлық тобы)**<br>**Мақсаты:**. Ертегіні естеріне түсіріп талқылау.<br>-Үйшікте қандай жануарлар бар?<br>Пед:кейіпкерлердің бейнесіне еніп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тобы)**<br>**Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы: Көгөністер**<br>**Міндеттері:** Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.<br>Геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз,т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу;<br>**(ересек тобы)**<br>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. **(даярлық тобы)** | жұмып, естіліп тұрған дыбыстарды тыңдауларын сұрайды. Педагог допты еденге ұрып ойнайды, есікті ашып-жабады, қоңырауды сылдырлатады, қағазды сыбдырлатады.<br>**Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:**<br>**Міндеті**. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман,) кеңейту.<br>**(ересек тобы)**<br>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, , күн, бұлт, тастар, жел,жаңбыр); **(даярлық тобы)**<br>**«Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?»** | Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру. Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>– Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар? Балалар қандай дыбыс шығарып жатыр? Бұл дыбыстар нені білдіреді? – «Ау-у!» – «Адасып кеттім, көмектесіңдер!» деген мағынаны білдіреді. – «Шүу-шү-у» деп атты жүргізу үшін айтады. – «Іңгә-әңгә-ә!» – нәрестенің жылаған дауысы. – Бұлардың барлығында да сөздер айтылады. Тек ол сөздерді есту үшін, сөзді созып айту керек. «Аауууу!», «Шүу!», «Іңгәәә!» | Қыс мезгілінде малды корада ұстаймыз.<br>Жазда жайлауда жайылады<br>Соғым деген не?<br>Дұрыс,айтасыңдар<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Мақта қыз бен мысық**<br>**Міндеті:** Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтау.**(ересек тобы)**<br>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Рөлдерге | диалог құруды ұсынады.<br>Әңгімелесу<br>Сұрақтар қояды:<br>- Қандай жабайы аңдарды білесіңдер?<br>- Неліктен оларды жабайы дейміз?<br>-Қоянның, түлкінің, аюдың, тышқанның, қасқырдың ерекшеліктерін айтып салыстырады.<br>Енді балалар суреттер бойынша әңгіме құрастырып көрейік.<br>**Дидактикалық ойын: «Үйшігін тап»**<br>Екі үй, біреуі үлкен, біреуі кіші. Осы үйшіктерге қоян мен аюды орналастыруды ұсынады.<br>**Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:** «Менің отбасым»<br>**Міндеті**: Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алдымен мен сендерге жұмбақ жасырайын.<br>Жазда інге тығылып, Жатқанқызылтүлкіні. Құйрығынан суырып, Әкеді әкем бір күні<br>Сергіту сәті.<br>Педагог көгөністер бейнеленген суреттерді балаларға үлестіріп береді.<br>Әуен ырғағымен балалар билейді,айналады, музыка тоқтағанда олар бірігіп,«салат»болады.<br>Енді қиярды мүсіндеуге кірісейік. Ол үшін жасыл түсті ермексазды алып жұмсартып, есу арқылы сопақша пішінге келтіреміз. Шымшу арқылы бүршіктерін жасаймыз. Тағы бір кішкене бөлігін алып есіп, қиярдың сабағын орналастырамыз. | **Мақсаты:** әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып, ауызекі баулу.<br>**Ойын шарты:** суреттегі киімдерді қай мезгілде киетіндігін айтқызу.<br>**Ауа райын бақылау.**<br>Күнделікті серуен кезінде ауа райы жағдайына балалардың назарын аудару: суық па, жылы ма?жел ме, тынық па?аспанның түсі қандай? Жауын – шашын болса оның түріне тоқталу.<br>Желдің бағытын бақылау үшін зырылдауық алып шығу.Табиғаттағы кейбір байланыстарды түсіндіру,<br>мысалы:жер неге су?себебі<br>– жаңбыр,ал күн шықса жер кебеді. | **қарым-қатынас іс-әрекеті.**<br>**Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша**<br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеті:** Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтырады. .<br>**(ересек тобы)**<br>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. .<br>**(даярлық тобы)**<br>**Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»**<br>**Мақсаты:** балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру. Еңбекті құрметтеуге дағдыландыру өз | бөлініп сахналау.<br>**(даярлық тобы)**<br>Мақта қыз бен мысық ертегісін әңгімелеу.Рөлдерге бөлініп сахналау.<br>**(ересек,даярлық тобы)**<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: Сан, санау.**<br>**Міндеті**: Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>**(ересек тобы)**<br>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып | адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.<br>**(ересек тобы)**<br>Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу.<br>**Мақсаты:** балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету.<br>Шаттық шеңбері:<br>Көтеріліп шаңырақ,<br>Уықтары шаншылар,<br>Керегелер керіліп,<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Бәріміз жүрсек айналып,<br>Киіз үй болып көрінер.<br>- Балалар, біз қандай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(ересек,даярлық тобы)** | еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.<br>**Көрнекіліктер:** сатушы, етікші, дәрігер, шаштараз, кеңші, құрылысшы т.б.<br>**Ойын шарты:** суреттер тақтаға ілінеді.<br>Балалар өздері қалаған мамандықтарын таңдап алып, сол мамандық және оның пайдасы туралы әңгімелейді. Тәрбиеші балалардың сөйлемді байланыстырып сөйлеуін қадағалайды. Мамандықтардың бәрі жақсы екенін түсіндіреді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті,әлеумет)** | тастау арқылы теңдіктентеңсіздік шығару.<br>**Дидак ойын: «Біреу-көп»**<br>**Мақсаты:** «Біреу және көп» ұғымын қайталау.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: Әртүрлі заттар суреттері, пішіндер.<br>**Ойынның шарты:** Балаларға бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі, балалар ең алдымен оларды топтастырады, қайсысы көп, қайсысы аз екенін атап айтады.<br>**(ересек)**<br>**«Сана»**<br>**Мақсаты:** сандарды қайталау, жылдам әрі дұрыс санауға дағдыландыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: көкөністер мен жемістердің суреттері.<br>**Ойын шарты:** | заттың бейнесін жасадық?<br>- Ал, киіз үйде кімдер тұрады?<br>- Оларды бір сөзбен қалай атаймыз?<br>- Дұрыс айтасыңдар. Бүгінгі біздің тақырыбымыз өз отбасымыз туралы болмақ.<br>Балалар, айналамызға қарасақ, көптеген үйлерді көреміз.<br>Ол үйлерде кімдер тұрады деп ойлайсыңдар?<br>- Иә, балалар, барлық үйдің өз отбасы болады олар бір - бірімен тату - тәтті тұрады.<br>- Қане, балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырайын, шешуін тауып көрейік.<br>**Жұмбақ:** Онсыз қызық жоқ маған, онсыз бақыт жоқ маған.<br>Ол әр баланың панасы, ол не екен, балалар? (отбасы)<br>Бұл суретте кімдердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Балалар суреттегі көкөністер мен жемістерді санайды. Қайсысы көп екенін айтады.<br>**(даярлық)**<br>**Музыка жетекшісінің жоспары бойынша** | суретін көріп тұрсыңдар?<br>- Иә, бұл суретте сүйіспеншілігі мол, бір - біріне ыстық ықыласпен, аялы сезіммен қарап отырған дастархан басындағы отбасы мүшелерін көріп отырмыз.<br>**Д/Ойын:** " Мынау кім?"<br>**Мақсаты:** Балаларды тапқырлыққа, есте сақтау қабілетін дамытуға баулу.<br>**Шарты:** отбасындағы мүшелердің атын атап жасырынған отбасы мүшесін табу.<br>**(даярлық тобы)**<br>**Музыка жетекшісінің жоспары бойынша** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды киінудің ретімен таныстыру қажет; жылдың кез келген уақытында киім мен аяқ киім қазіргі уақытта ауа-райына сәйкес болуы керек және балалардың бастарына күн өтпеуіне немесе жеңіл бас киімдер кию. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Маусымдық өзгерістерді** | **Бақшаны бақылау.** Мақсат-міндеттер. | Мақсат-міндеттер. Қыстайтын құс - | **Қардың түсуін бақылау.** | **Шетенді бақылау.** Мақсат-міндеттер. 10 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бақылау.** Мақсат-міндеттер: қыстың басында табиғаттағы өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру (түн ұзарады, ал күн қысқарады); қыстың басталуына тән белгілерді ажырата білуге, оларды өлеңдерден тани білуге үйрету. **Жапырақ жинау.. Міндеті:** Тіршілік иелеріне көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) **"Ақ серек-көк серек ойыны": Ұлттық құндылықтар** (қарым-қатынас іс-әрекеті,) | Қысқы бақтағы маусымдық өзгерістермен таныстыру; ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылықты арттыру Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі кардан мүсіндерді тұрғызу. Мақсат-міндеттер. Қардан мүсіндер құрастыруға үйрету;. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) **"Соқыртеке". Ұлттық құндылықтар** | торғай туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; құстарға арналған жемшашарды таза ұстауға үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жемшашарлардағы карды тазарту, құстарды тамақтандыру. Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген қызығушылықтарын ояту. | Мақсат-міндеттер. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. **Зерттеу.** Ақ қағазға ұшып келе жатқан кар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу. Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасау қабілетін дамыту. | Шетен туралы білімдерін кеңейту; қыста шетенді бақылауды жалғастыру. **Зерттеу.** Аяз түскенге дейінгі және аяз түскеннен кейінгі жидектерді салыстыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдардағы карды тазарту. Мақсат-міндеттер. Сыпырушыға көмектесу. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар** | | | | |

| | |
|---|---|
| | Қажет болған жағдайда майлықты қолдану қабілетін жетілдіру.<br>**Көркем сөз**<br>Су деген — өмір көзі,<br>Тіршіліктің нәрі бұл.<br>Су болмаса оянбайды,<br>Табиғаттың барлығы.<br>Таза болсаң судай бол,<br>Бәрін жуып кетірген.<br>Жақсы болсаң жердей бол,<br>Бәрімізді өсірген.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>**(Суды үнемдеп тұтыну)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Ұйықтауға ыңғайлы жағдай жасау. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Нүктелі массаж. Суық тиюге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.<br>- Тамағымыз ауырмау үшін, тамағымызды қолмен жоғары - төмен уқалау.<br>- Түшкіріп, тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкелеу.<br>- Қолымызды маңдайға қойып уқалау.<br>- Құлағымыз ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** |
| **Бесін ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қажет болған жағдайда майлықты қолдану қабілетін жетілдіру.<br>**Көркем сөз**<br>Су деген — өмір көзі,<br>Тіршіліктің нәрі бұл.<br>Су болмаса оянбайды,<br>Табиғаттың барлығы.<br>Таза болсаң судай бол,<br>Бәрін жуып кетірген.<br>Жақсы болсаң жердей бол,<br>Бәрімізді өсірген.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Сөздегі бірінші дыбысты айт»** **Міндеті:** Фонематикалық қабылдауын дамыту. **(сөйлеуді дамыту) (ерес,даяр)** | **Дидактикалық ойын:** «Кім көп сөз біледі?». **(сөй дам) (ерес,даяр)** | **Дидактикалық ойын "Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап".** **Міндеті.** Балалардың фонематикалық есту қабілеттерін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін арттыру. **(ерес,даяр)** | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана".** **Міндеті:** Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар. **(ерес,даяр)** | **Адаптивтік бағдарлама Тақырыбы:** «Зырылдауық» **Міндеті:** Зырылдауық туралы түсініктерін қалыптастыру. **(ерес,даяр)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Үйдің есігін жабайық»** **Міндеті:**заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажырата алу. Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері. Ойын барысы: қағаздан жасалған есіктері жоқ үйлерге сәйкесінше түсіне қарап есігін табу. | **«Біреу-көп»** **Міндеті:** «Біреу және көп» ұғымын қайталау. Ойынның құрал-жабдықтары: Әртүрлі заттар суреттері, пішіндер. Ойын барысы: Балаларға бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі, балалар ең алдымен оларды топтастырады, қайсысы көп, қайсысы аз екенін атап айтады. | **«Ұзын-қысқа»** **Міндеті:** заттарды салыстыру, қысқасын табу, ұзынын атау. Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақтар Ойын барысы: Балаларға ұзын және қысқа жолақтар беріледі. Балалар жолақтарды салыстырады. Үстіне қою әдісін қолданады. Ұзын жолақты атайды. Үстедің үстіне жолақтардың ішінен ұқсас жолақтарды табуға тырысады. | **«Өз үйіңді тап»** **Міндеті:**түстерді қайталау, оларды шатастырмауға дағдыландыру. Ойынның құрал-жабдықтары: түрлі-түсті дөңгелектер. Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратылады, олар түсін атайды. Белгіден кейін балалар дөңгелектердің түсіне сәйкес шеңберге тұрады. | **«Суреттің екінші бөлігін сал»** **Міндеті:** Балалардың логикасын дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: үлестірмелі карточкалар, қарындаштар. Ойын барысы: Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда суреттің бір жартысы салынған, балалар суретке қарап не бейнеленгенін табады да екінші жартысын салады. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; 13 | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Ағаштарды бақылау.<br>Күзде ағаштардың әдемілігіне назар аудару, жазда бұл ағаштың жапырақтары қандай еді?қазір қандай?Жапырақ жауған кезде олардың қайдан? Қайда? құлап жатқанын сұрау /жоғарыдан төмен/. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | - учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітапбұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыс тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылықіс-әрекет, бейнелеуіс-әрекеті)**<br>Логикалықойындар, басқатырғыштар, санамақтар, доминоойындары. Пысықтау. **(танымдықіс-әрекет, зерттеушілікіс-әрекет)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынасіс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарғакеңес) | Ата-аналарға кеңес. "Балаларды суықтан қалай қорғауға болады?"<br>**(Қауіпсіздік ережесі)** | Ата-аналарға тапсырма беру. | Ата-аналарға жадынама «Әдептілік ұғымы» (Өнегелі 15 минут) | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу.<br>**(Қауіпсіздік ережесі)** | "Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу. |

Әдіскер:-----------------------